



Статистика, учет и аудит, 2(89)2023. стр. 23-31
DOI: <https://www.doi.org/10.51579/1563-2415.2023-2.03>

MPFТА 06.73.75
ӘОЖ 336.77

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕС СУБЪЕКТІЛЕРІН НЕСИЕЛЕНДІРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

А.Ж. Жайлаубаева, А.К. Саулембекова*

Кенжеғали Сағадиев атындағы Халықаралық Бизнес Университеті, Алматы, Қазақстан

**Corresponding author email: zhaylaubayeva.aruzhan@bk.ru*

Аңдатпа. Мақалада Қазақстан Республикасы бойынша шағын және орта бизнес субъектілерін несиелендірудің бағдарламалары мен олардың нәтижелері, «ForteBank» АҚ-ның шағын және орта бизнесті өңірлік қаржыландыру бағдарламасы (нүктелік аймақтық бағдарламалар аясында) 2020-2022 жылдар аралығында бизнестің маңызды салалары бойынша нәтижелері көрсетілді. Зерттеудің мақсаты – шағын және орта бизнес субъектілерін несиелендірудің кешенді зерттеу ұсыныстарын дайындау. Зерттеу барысында Ұлттық статистика бюросының ресми сайтында жарияланған шағын және орта кәсіпкерлік (ШОК) жұмыс істеп тұрған субъектілерінің саны, 2023 жылғы 1 қаңтарға шағын және орта кәсіпкерліктердегі субъектілерінің құрылымы, жұмыспен қамтылғандар саны бойынша статистикалық деректерді қамтыды. «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ ресми сайтында жарияланған шағын және орта бизнесті қолдау бағдарламалары бойынша есептің «ForteBank» АҚ-ның қатысуымен өңірлік қаржыландыру бағдарламасы (нүктелік аймақтық бағдарламалар аясында) нәтижелер талданды. Зерттеу нәтижесі бойынша шағын және орта бизнес субъектілерінің мемлекеттік бағдарлама аясында несиелеуге деген тәуелділік байқалды және елдің экономикалық ахуалын жақсартуда шағын және орта кәсіпкерліктің алатын орны айқындалды.

Түйінді сөздер: шағын және орта кәсіпкерлік, өңдеу өнеркәсібі, несиелік портфель, екінші деңгейдегі банктер, несиелеу.

Негізгі ережелер. Пандемияның зардабы шағын және орта бизнес саласына ауыр әсерін тигізді. 700 000 астам кәсіпкерлерге салық жеңілдіктері берілді және де несиені жеңілдікпен қайта қаржыландыру мүмкіндігі, төлем мерзімін кейінге шегеру мүмкіндігі экономикалық ахуалды жақсарту мақсатында берілді. Шағын және орта бизнес субъектілерінің еңбекақы қорына түсетін ауыртпалықты жеңілдету жұмыс орындары мен халықтың табысын сақтаудағы маңызды әрекеттердің бірі болды. 2025 жылға қарай шағын және орта бизнестің жалпы ішкі өнімдегі үлесін 35%-ға дейін, жұмыспен қамтылғандар санын 4 000 000 адамға дейін көбейту туралы тапсырмалар қойылды.

Кіріспе. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Ірі инвестициялық және инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландыру бойынша банк секторының мүмкіндіктерін кеңейту қажет. Мен экономикаға несие беруді кеңейту туралы тиісті тапсырманы жарлық шеңберінде бердім. Сонымен қатар, шағын және орта бизнес қолжетімді банктік несиелеуден тыс қалып жатады. Бұл ретте біз банктердің ақшасы барын және олар ашық жұмыс істейтін кәсіпкерлерді қаржыландыруға дайын екенін білеміз», – деді [1].

Cite this article as: Zhailaubayeva A.Z., Saulembekova A.K. Features of lending to small and medium businesses. *Statistics, accounting and audit.* 2023, 2(89), 23-31. (In Kaz.). DOI: <https://www.doi.org/10.51579/1563-2415.2023-2.03>



Л. А. Шафеева, Д. А. Шаисмаилов, А. В. Кушнир мемлекеттің дамуына тікелей шағын және орта бизнестің дамуын байланыстырады. Ағымдағы жаһандық есеп бойынша Қазақстан кәсіпкерлік деңгейі бойынша 54 елдің арасында 26-шы орында тұр. Кәсіпті құру және оның одан ары дамуына ең маңызды рөлді мемлекеттік бағдарламалар алады [2].

Зерттеудің мақсаты – шағын және орта бизнес субъектілерін несиелендірудің кешенді зерттеу ұсыныстарын дайындау.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу барысында Ұлттық статистика бюросының ресми сайтында жарияланған шағын және орта кәсіпкерлік (ШОК) жұмыс істеп тұрған субъектілерінің саны, 2023 жылғы 1 қаңтарға шағын және орта кәсіпкерліктердегі субъектілерінің құрылымы, жұмыспен қамтылғандар саны бойынша статистикалық деректерді қамтыды. «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ ресми сайтында жарияланған шағын және орта бизнесті қолдау бағдарламалары бойынша есептің «ForteBank» АҚ-ның қатысуымен өңірлік қаржыландыру бағдарламасы (нүктелік аймақтық бағдарламалар аясында) нәтижелер талданды.

Алынған нәтижелер және оларды талқылау. Шағын және орта кәсіпкерлікті қолдаудың мемлекеттік бағдарламалары несиелеу бойынша шағын және орта бизнес субъектілеріне қолдау көрсетеді. «Бизнестің жол картасы-2025» бағдарламасы «Бизнестің жол картасы-2025» кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы (ҚР) Үкіметінің 2019 жылғы 24 желтоқсандағы № 968 қаулысына сәйкес жүзеге асырылады. «Қарапайым заттар экономикасы» ҚР Үкіметінің 2018 жылғы 11 желтоқсандағы № 820 қаулысына сәйкес жүзеге асырылады. Ал «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы бойынша несиелендіру ҚР Үкіметінің 2018 жылғы 13 қарашадағы № 746 қаулысына сәйкес жүзеге асырылады.

«Бизнестің жол картасы-2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 2 ақпандағы № 43 қаулысымен бекітілген өңірлік кәсіпкерліктің тұрақты, теңгерімді өсуін қамтамасыз етумен, кәсіпкерлікте жаңа 30 000 мың жұмыс орындарын құру және жұмыс орындарын сақтау секілді, 2025 жылға қарай шағын және орта бизнестің жалпы ішкі өнімдегі үлесін 33,8%-ға дейін жеткізу, экономикадағы орта кәсіпкерліктің үлесін 13,7%-ға жеткізу секілді маңызды мақсаттарды қамтиды [3].

«Қарапайым заттардың экономикасы» бағдарламасының мақсаты өңдеу өнеркәсібі мен агроөнеркәсіптік кешенде жұмыс істейтін жеке кәсіпкерлік субъектілерін қолдау болып табылады [4].


«Бизнестің жол картасы-2025» бағдарламасына және «Қарапайым заттардың экономикасы» бағдарламасына, «Еңбек» бағдарламасына қатысатын екінші деңгейдегі банктер мыналар: «Сбербанк» АҚ ЕБ, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ, «Банк ЦентрКредит» АҚ, «Нұрбанк» АҚ, «Bank RBK» Банкі» АҚ, «Jysan Bank» АҚ, «Еуразиялық Банк» АҚ және т.б. банктер қатысады.

«Қарапайым заттардың экономикасы» бағдарламасына қатысу үшін 1) импорт көлемі \$5 млн артық; 2) шикізаттың қол жетімділігі; 3) технологиялардың, біліктіліктің болуы; 4) артық өндірудің болмауы; 5) сапаны бағалау мүмкіндігінің болуы секілді критерийлерге тауарлар тізімінен кем дегенде бір өнім шығарылған жағдайда қатысу мүмкіндігіне ие болады.

**Кесте 1 - Шағын және орта кәсіпкерлікті несиелеуді мемлекеттік қолдау бағдарламаларының шарттары**

Шарттары	«Бизнестің жол картасы-2025» бағдарламасы	«Қарапайым заттардың экономикасы» бағдарламасы	«Еңбек» бағдарламасы	"Бизнестің жол картасы-2025" бағдарламасы, 1 бағыт
Сыйақы мөлшерлемесі	6%	6%	6%	6%
Салалық шектеулер	Шектеусіз	Экономиканың басым бағыттары	Шектеусіз	Шектеусіз
Шекті сома	7 000 000 000 дейін	Шектеусіз	20 000 000 теңгеге дейін	5 000 000 теңгеге дейін (
Инвестициялық мақсаттағы несие мерзімі	5 жылға дейін	10 жылға дейін	5 жылға дейін	5 жылға дейін
Айналым капиталын толықтыруға несие мерзімі	3 жылға дейін	3 жылға дейін	3 жылға дейін	2 жылға дейін
Міндеттемелерге кепілдік беру	85%-ға дейін	50%-ға дейін	-	85%-ға дейін
Бағдарлама операторы	«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ	«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ	«Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ	«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ

Ескерту - [3-5] дереккөз негізінде автормен құрастырылған




Сурет 1 - Шағын және орта кәсіпкерліктердегі жұмыс істеп тұрған субъектілерінің саны, бірлік
 Ескерту - [6] дереккөз негізінде автормен құрастырылған

«Еңбек» бағдарламасы аясында қойылған міндеттерді орындау арқылы 2021 жылға қарай мынадай нысаналы индикаторларға қол жеткізіледі: 1) жұмыссыздық деңгейі 4,8%-дан аспайтын болады; 2) жұмыс күшінің құрамындағы негізгі, орта, жалпы және бастауыш білімі бар еңбек ресурстарының үлесі 20 %-дан аспайды; 3) жұмыспен қамтылған халықтың басқа да санаттары құрамындағы нәтижесіз жұмыспен қамтылғандардың үлесі 9,0%-дан аспайды; 4) белсенді жұмыс істейтін шағын және орта бизнес субъектілерінің өсуі 10%-ды құрайды [5].




2023 жылы 1 қаңтарда Қазақстан Республикасы бойынша жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерліктердегі субъектілерінің саны 1 818 764 бірлік болды.

2022 жылы шағын және орта кәсіпкерлікте жұмыс істеп тұрған субъектілер Алматы қаласында 292 734 субъект, Астана қаласында 204 308 субъект, Түркістан қаласында 184 579 субъект болды. болды.



Сурет 2 – 2023 жылғы 1 қаңтарға шағын және орта кәсіпкерліктердегі субъектілерінің құрылымы, бірлік Ескерту - [6] дереккөз негізінде автормен құрастырылған

Шағын және орта бизнеске қолдау көрсету барысында орта бизнеске ерекше назар аудару керектігі туралы мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауында аттап айтылды. Компанияның экспорттық әлеуетін арттыруға көмектесу қажет. Себебі орта бизнестің өркендеуі нарықта табысты болудың негізгі көрсеткіші болып табылады.



Сурет 3 - Шағын және орта кәсіпкерліктердегі жұмыспен қамтылғандар саны, адам Ескерту - [6] дереккөз негізінде автормен құрастырылған

Қазақстан Республикасы бойынша шағын және орта бизнесте жұмыспен қамтылған халықтың саны 2019 жылы 3 398 786 адам , 2020 жылы 3 336 915 адам, 2021 жылы 3 475 204 адам, 2022 жылы III тоқсан 3 912 486 адам болды. 2022 жылы III тоқсанда Абай



94 935 адам, Жетісу 97 270 адам, Ұлытау 28 515 адам болды.


Өңдеу өнеркәсібіндегі шағын және орта бизнесті қолдау жобасына «Банк ЦентрКредит» АҚ, «Сбербанк» АҚ ЕБ, «Еуразиялық Банк» АҚ, «ForteBank» АҚ, «Нұрбанк» АҚ, «Bank RBK» Банкі» АҚ, «Jysan Bank» АҚ, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ, «Eco Center Bank» АҚ қатысады.

Кесте 2 - Өңдеу өнеркәсібіндегі шағын және орта бизнесті қолдау жобасының негізгі шарттары

Нысаналы топ	Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шағын және орта жеке кәсіпкерлік субъектілері (ШОБ)
Ең жоғарғы шек	Шекті 3 600 000 000 теңге, тамақ өнеркәсібіндегі жобаларды қоспағанда, шектеусіз
Сыйақы мөлшерлемесі	жылдық 6,0%-дан аспайды
Несие беру мақсаттары	инвестициялар; айналым капиталы қаржыландыру; несиелерді қайта қаржыландыру
Басым салалар	Өңдеу өнеркәсібіне қызмет көрсетумен байланысты өңдеу өнеркәсібіндегі және қызмет көрсету секторы; тамақ өнеркәсібі
Несие мерзімі	120 айға дейін – инвестициялар; 60 айға дейін – айналым қаражатын толықтыру
Қол жетімділік мерзімі	1 (бір) жылдан аспайды. Жаңартылған несие желісі үшін – 1 (бір) жылдан аспайтын мерзімге және қарыз алушы бастапқы қолжетімділік кезеңінде жаңартылатын кредит желісінің лимитін толық пайдаланған жағдайда, шектеусіз рет ұзарту.
Комиссиялар	Қарыз алушының несие бойынша міндеттемелерін бұзуына байланысты алынатындарды қоспағанда, ШОБ несиесіне байланысты комиссиялар, комиссиялар және/немесе басқа төлемдер жоқ және мұндай комиссиялардың, комиссиялардың және/немесе басқа төлемдердің мөлшері алдын ала келісілген болуы тиіс. Қормен жазбаша түрде. Қарыз алушы тек несие бойынша кепіл ретінде қызмет ететін мүлікті бағалау және сақтандыру үшін төлейді.
Әзірлеу әдісі	Төлемнің қолма-қол ақшасыз нысаны
Кепіл	Банктің ішкі құжаттарына сәйкес
<i>Ескерту - [7] дереккөз негізінде автормен құрастырылған</i>	

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шағын және орта жеке кәсіпкерлік субъектілері (ШОБ) несие алу үшін банкке жүгінеді, банк кәсіпкерге несие беру туралы шешімді дербес қабылдайды. Қаржыландыру бойынша басым секторлар мыналар: 20 - химия өнеркәсібінің өнімдерін өндіру, 21 - негізгі фармацевтикалық өнімдер мен препараттарды өндіру, 22 - резеңке және пластмасса бұйымдарын өндіру, 24 - металлургия өнеркәсібі, 25 - машиналар мен жабдықтарды қоспағанда, дайын металл бұйымдарын өндіру, 33 - машиналар мен жабдықтарды жөндеу және монтаждау және т.б. болады.


«ForteBank» АҚ бизнестің басты бағыттарының бірі корпоративтік бизнес сегменті ШОБ болып табылады. Шағын және орта бизнес (ШОБ) – мемлекеттік бағдарламалар бойынша несие беру, депозиттер тарту, жалақы жобалары, есеп айырысу-кассалық қызметтер көрсету, кепілдіктер бойынша операциялар, төлемдер, ақша аударымдары мен шағын және орта бизнес клиенттері – заңды тұлғалармен басқа да операциялар, экожүйе шеңберіндегі қосымша қызметтерден тұрады. Шағын және орта бизнесте 2021 жылы 74 842 кәсіпорын болып, -4,68%-ға төмендеді де 2022 жылы 71 343 кәсіпорын болды.



Сурет 4 - Шағын және орта бизнес субъектілеріне берілген несиелер қоржыны, млрд теңге
Ескерту - [8] дереккөз негізінде автормен құрастырылған

Шағын және орта бизнес субъектілеріне берілген қарыздар қоржыны 1,45% өсіп, 209,29 млрд теңгені құрады. Шағын және орта бизнес субъектілеріне берілген қарыздар қоржыны 29,3% өсіп, 270,66 млрд теңгені құрады. Шағын және орта бизнес субъектілерін несиелендіру бойынша «ForteBank» АҚ несиелік портфелінің өсімін байқаймыз.

ШОБ өңірлік қаржыландыру бағдарламасы (нүктелік аймақтық бағдарламасына ауыл шаруашылығы, мал шаруашылығы, мектепке дейін білім беру және т.б. салалар бойынша кәсіпкерлерге көмек көрсетуге арналған.



Сурет 5 - ШОБ өңірлік қаржыландыру бағдарламасы (нүктелік аймақтық бағдарламалар аясы)
«ForteBank» АҚ

Ескерту - [7] дереккөз негізінде автормен құрастырылған

«ForteBank» АҚ шағын және орта бизнестің өңірлік қаржыландыру бағдарламасының нәтижелері 2021-2022 жылдар аралығында сауда, өңдеу, тұру және тамақтану салалары бойынша жоғары көрсеткіштерге ие болды. Жылжымайтын мүлік, кәсіби ғылым және техникалық қызмет, денсаулық сақтау саласы бойынша оң



көрсеткіштері ие болды (5-сурет).

Шағын және орта бизнестің өңірлік қаржыландыру бағдарламасына 2022 жылы «Банк ЦентрКредит» АҚ, «Сбербанк» АҚ ЕБ, «ForteBank» АҚ, «Bank RBK» Банкі» АҚ, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ қатысады.

Қорытынды. Шағын және орта бизнес субъектілерін қолдауда мемлекеттік несиелендіру бағдарламаларының алатын орны өте маңызды, себебі мемлекет басшысы атап айтқандай, бизнестің дамуы елдің экономикалық ахуалын жақсартуға көмектеседі. Өндеу өнеркәсібі мен агроөнеркәсіптік кешенде жұмыс істейтін жеке кәсіпкерлік субъектілерін қолдау жаңа жұмыс орындары мен халықтың тұрақты табыспен қамтылуына, әлеуметтік жағдайын көтеруге көмектеседі. Несиелендіру бойынша жүргізіліп жатқан мемлекеттік бағдарламалардың экономикалық оң әсері бар.

Әдебиеттер тізімі

1. Успешные и честные предприниматели должны стать локомотивом новой экономики – Касым-Жомарт Токаев [Электронный ресурс] // Национальная палата предпринимателей «Атамекен». – Режим доступа: <https://atameken.kz/kk/news/49259> (дата обращения: 19.04.2023).
2. Шафеева Л.А., Шаисмаилов Д.А., Кушнир А.В. Состояние малого и среднего бизнеса в Казахстане // Вестник Торайғыров университета. – 2023. - № 1. – С. 97-109.
3. Постановление Правительства Республики Казахстан от 24 декабря 2019 года №968 «Об утверждении государственной программы поддержки и развития бизнеса «Дорожная карта бизнеса-2025» // Информационно-правовая система нормативных правовых актов Республики Казахстан. – Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000968> (дата обращения: 05.04.2023).
4. Развитие «Экономики простых вещей». В Казахстане реализуется программа льготного кредитования [Электронный ресурс] // Официальный информационный ресурс Премьер-Министра Республики Казахстан. – Режим доступа: <https://primeminister.kz/kz/news/reviews/k-arapayym-zattar-ekonomikasyn-damytu-k-azak-standa-zhen-ildikti-nesielendiru-bag-darlamasy-iske-asyryluda> (дата обращения: 12.02.2023).
5. Программы, национальные проекты, реализуемые Холдингом [Электронный ресурс] // Национальный управляющий холдинг «Байтерек». – Режим доступа: <https://baiterek.gov.kz/kk/programs/n-tizheli-zh-myspen-amtudy-zh-ne-zhappay-k-sipkerlikti-damytudy-2017-2021-zhyldar-a-arnal-an-e-bek-m> (дата обращения: 24.02.2023).
6. Мониторинг малого и среднего предпринимательства в Республике Казахстан [Электронный ресурс] // Национальное бюро статистики АСПР РК. – Режим доступа: <https://stat.gov.kz/official/industry/139/statistic/6> (дата обращения: 15.01.2023).
7. Отчет по программам [Электронный ресурс] // Фонд развития предпринимательства «Даму». – Режим доступа: <https://damu.kz/reports/> (дата обращения: 12.01.2023).
8. Бухгалтерские балансы 2019-2021 [Электронный ресурс] // ForteBank. – Режим доступа: <https://forte.kz/reporting> (дата обращения: 27.12.2022).

References

1. *Uspeshnye i chestnye predprinimateli dolzhny stat' lokomotivom novoj jekonomiki* – Kasym-Zhomart Tokaev. Available at: <https://atameken.kz/kk/news/49259> (data obrashheniya: 19.04.2023).
2. Shafeeva L.A., Shaismailov D.A., Kushnir A.V. Sostojanie malogo i srednego biznesa v Kazahstane [State of small and medium business in Kazakhstan]. *Vestnik Toraigyrov universiteta*, 2023, 1, pp. 97-109 (in Russian).
3. *Ob utverzhdenii gosudarstvennoj programmy podderzhki i razvitija biznesa «Dorozhnaja karta biznesa-2025»*. Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000968> (data obrashheniya: 05.04.2023).
4. *Razvitie «Jekonomiki prostyh veshhej». V Kazahstane realizuetsja programma l'gotnogo kreditovaniya*. Available at: <https://primeminister.kz/kz/news/reviews/k-arapayym-zattar-ekonomikasyn-damytu-k-azak-standa-zhen-ildikti-nesielendiru-bag-darlamasy-iske-asyryluda> (data obrashheniya: 12.02.2023).
5. *Programmy, nacional'nye proekty, realizuemye Holdingom*. Available at: <https://baiterek.gov.kz/kk/programs/n-tizheli-zh-myspen-amtudy-zh-ne-zhappay-k-sipkerlikti-damytudy-2017-2021-zhyldar-a-arnal-an-e-bek-m> (data obrashheniya: 24.02.2023).



6. *Monitoring malogo i srednego predprinimatel'stva v Respublike Kazakhstan*. Available at: <https://stat.gov.kz/official/industry/139/statistic/6> (data obrashheniya: 15.01.2023).
7. *Otchet po programmat*. Available at: <https://damu.kz/reports/> (data obrashheniya: 12.01.2023).
8. *Buhgalterskie balansy 2019-2021*. Available at: <https://forte.kz/reporting> (data obrashheniya: 17.02.2023).

ОСОБЕННОСТИ КРЕДИТОВАНИЯ СУБЪЕКТОВ МАЛОГО И СРЕДНЕГО БИЗНЕСА

А.Ж. Жайлаубаева, А.К. Саулембекова*

Университет Международного Бизнеса имени Кенжегали Сагадиева, Алматы, Казахстан

e-mail: zhaylaubayeva.aruzhan@bk.ru

Резюме. В статье отражены программы кредитования субъектов малого и среднего бизнеса по Республике Казахстан и их результаты, программа регионального финансирования малого и среднего бизнеса АО «ForteBank» (в рамках точечных региональных программ) за 2020-2022 годы по важнейшим отраслям бизнеса. Цель исследования – подготовка комплексных исследовательских предложений по кредитованию субъектов малого и среднего бизнеса. Исследование включало статистические данные по количеству действующих субъектов малого и среднего предпринимательства (МСП), структуре субъектов малого и среднего предпринимательства на 1 января 2023 года, численности занятых, опубликованные на официальном сайте Национального бюро статистики. Проанализированы результаты региональной программы финансирования (в рамках точечных региональных программ) с участием АО «ForteBank» отчета по программам поддержки малого и среднего бизнеса, опубликованного на официальном сайте АО «Фонд развития предпринимательства» Даму". По результатам исследования отмечена зависимость субъектов малого и среднего бизнеса от кредитования в рамках государственной программы и определено место малого и среднего предпринимательства в улучшении экономического климата страны.

Ключевые слова: малый и средний бизнес, обрабатывающая промышленность, кредитный портфель, банки второго уровня, кредитование.

FEATURES OF LENDING TO SMALL AND MEDIUM BUSINESSES

A. Zhailaubayeva, A. Saulembekova*

Kenzhegali Sagadiyev University of International Business, Almaty, Kazakhstan

e-mail: zhaylaubayeva.aruzhan@bk.ru

Summary. The article reflects the lending programs for small and medium-sized businesses in the Republic of Kazakhstan and their results, the program of regional financing of small and medium-sized businesses of ForteBank JSC (within the framework of point regional programs) for 2020-2022 in the most important business sectors. The purpose of the study is to prepare comprehensive research proposals on lending to small and medium-sized businesses. The study included statistical data on the number of operating small and medium-sized enterprises (SMEs), the structure of small and medium-sized enterprises as of January 1, 2023, the number of employed, published on the official website of the National Bureau of Statistics. The results of the regional financing program (within the framework of point-based regional programs) with the participation of ForteBank JSC of the report on small and medium-sized business support programs published on the official website of Damu Entrepreneurship Development Fund JSC are analyzed. According to the results of the study, the dependence of small and medium-sized businesses on lending under the state program was noted and the place of small and medium-sized businesses in improving the economic climate of the country was determined.

Key words: small and medium business, manufacturing industry, loan portfolio, second-tier banks, lending.



Авторлар туралы ақпарат:

А.Ж. Жайлаубаева* – магистрант, Кенжеғали Сағадиев атындағы Халықаралық Бизнес Университеті, Абай даңғылы, 8А, Алматы, Қазақстан, e-mail: zhaylaubayeva.aruzhan@bk.ru

А.К. Саулембекова – PhD, доцент Кенжеғали Сағадиев атындағы Халықаралық Бизнес Университеті, Абай даңғылы, 8А, Алматы, Қазақстан

Сведения об авторах:

А.Ж. Жайлаубаева* – магистрант, Университет Международного Бизнеса имени Кенжеғали Сағадиева, пр-т Абая 8А, Алматы, Казахстан, e-mail: zhaylaubayeva.aruzhan@bk.ru

А.К.Саулембекова – PhD, доцент Университет Международного Бизнеса имени Кенжеғали Сағадиева, пр-т Абая 8А, Алматы, Казахстан

Information about authors:

A. Zhailaubayeva* – master`s student, Kenzhegali Sagadiyev University of International Business, Abay Ave 8A, Almaty, Kazakhstan, e-mail: zhaylaubayeva.aruzhan@bk.ru

A. Saulembekova – PhD, associate professor, Kenzhegali Sagadiyev University of International Business, Abay Ave 8A, Almaty, Kazakhstan

Алынды: 03.05.2023

Қарауға қабылданды: 18.05.2023

Онлайн қолжетімді: 30.06.2023